

**2015 жылға бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормаларын аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекіту туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 142 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 15 қыркүйекте № 2763 болып тіркелді  
**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10190 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық құқықтық-жүйесінде 2015 жылдың 1 сәуірінде жарияланған) сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2015 жылға бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.Нұралиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*К. Көкрекбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"7" қыркүйек 2015 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 29 маусымдағы  
№ 142 қаулысына қосымша

**2015 жылға бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде**

№	Дақыл	Аймақтар*		
		1	2	3
		Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын 1 гектарға тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары, килограмм		
1.	Бидай	4,545	4,545	
2.	Арпа	4,186	4,186	
3.	Сұлы	5,200		
4.	Қытай бұршағы		0,518	
5.	Мақсары	0,224	0,224	0,244
6.	Картоп		134,238	134,245
7.	Жүгері (будан)	26,000	26,000	25,999
8.	Бұршақты көпжылдық шөптер	19,508	19,499	19,504
9.	Дәнді бұршақтылар			13,000
10.	Күнбағыс			0,507
11.	Қант қызылшасы		26,000	26,000

Ескерту: 1 (бірінші) аймақ - ылғалы жеткіліксіз тәлімі аймақ (Сарысу, Талас, Мойынқұм, Шу, Тұрар Рысқұлов аудандары);

2 (екінші) аймақ - ылғалы орташа тәлімі аймақ (Байзақ, Жамбыл, Жуалы, Меркі, Қордай аудандары);

3 (үшінші) аймақ - суармалы егіншілік аймақ.